# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 20 шілде №5265-23-00-2/1543 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

**ЖАУАПКЕР:**
Дара кәсіпкер Улбала Тулегеновна Досаева

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы «Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Улбала Тулегеновна Досаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Улбала Тулегеновна Досаевадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 20.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 29.08.2023, судья Сатыбалдиева А. К., 29.08.2023
5265-23-3-1/1678

келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **А.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 20.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 29.08.2023, судья Сатыбалдиева А. К., 29.08.2023

5265-23-3-1/1678